

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

Философия және саясаттану факультеті Дінтану және мәдениеттану кафедрасы

«Миссионерлік әдістері» пәні бойынша дәріс тезистері

Дәріс 15. Интернет-кеңістіктегі миссионерлік қызмет

Дәрістің мақсаты – жаңа акторлардың жұмыс істеу ерекшеліктеріне, миссионерлік қызметтің ақпараттық технологияларына, олардың саяси процеске әсеріне теориялық талдау жүргізу және қазіргі Қазақстанның рухани саласына экспансияны өзектендіру жағдайында қазіргі саяси-діни өмірдің даму векторларын анықтау.

Дәрістің негізгі мәселелері:

1. Діни бірлестіктердің ресми сайттары мен интернет кеңістігіндегі орны;
2. Интернет кеңістігіндегі діни ақпараттық-насихаттық қызмет;
3. Цифрлық саладағы құдайлық байланыстар: интернеттегі діннің болу үдерістері;

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағы рухани босандық дәстүрлі емес діни бірлестіктердің белсенділігін туғызды. Мемлекеттің дін саласында бейтараптық позицияны ұстануы дін туралы заңнаманың либералдығынан көрініс тапты. Уақыт өте өзектілене түскен дін мәселесі мемлекеттің осы саладағы саясатына жаңа міндеттер қойды. Діни бірлестіктердің негізгі қызметі миссионерліктің заңдық анықтамасы нақтыланды. Қабылданған жаңа заңнамалар жүйесі қоғамда белең алған жаңа діни ұйымдардың миссионерлік қызметін бақылауда аса маңызды, себебі қазіргі Қазақстандағы миссионерлік қызметке байланысты мемлекеттің саясаты, позициясы діни ахуалдың тұрақтылығын қамтамасыз етуші тұғыр.

Иегова күәгерлері XIX ғасырдың 70-жылдары АҚШ пайда болған діни ағым. Иегова күәгерлерінің рухани-әкімшілік орталығы Бруклин қаласында орналасқан «Басқару Корпорациясы» болып табылады. Корпорация діни әдебиеттерді таратумен айналысады. Олардың ішінде «Күзет Мұнарасы» және «Оянындар» журналдары әлемнің 216 елінде, 67 тілде басып шығарылады. Бұл елдер қатарына Қазақстан да кіреді. Иегова күәгерлерінің (Инжілді зерттеушілердің) Қазақстан жеріне таралуы XIX ғасырдан бастау алады. Аталған діни ілімнің таралуын рухани семинария түлегі Семион Козлицкийдің есімімен байланыстырады. Семион Козлицкий АҚШ-қа барып, Күзет Мұнарасы ұйымының қызметімен танысады. Ресейге қайтып оралғаннан кейін діни сенімді насихаттайды. 1892 жылы миссионерлік қызметі үшін Семей облысы, Өскемен уезінің Бұқтырма ауылына жер аударылып, жергілікті халық арасында жаңа ілімді насихаттайды. Қазақстан территориясындағы алғашқы қауымдар XX ғасырдың 40-50-жылдары пайда болды. Еліміздің аумағындағы Иегова күәгерлерінің миссионерлігі 1991 жылдан бастап қарқынды дамыды. 2011 жылғы заңға дейін Иегова күәгерлерінің бірлестіктерінің саны 70 болды. 2012 жылы қайта тіркеуден өткеннен кейін 60 діни бірлестік болды. Бүгінгі таңда да, тіркелген бірлестіктер саны осы жедеде тұр. Иегова күәгерлерінің 5 миссионері мемлекеттік тіркеуден өтті. Ұйымның <https://www.jw.org/ru/> ресми сайты бар. Сайтқа кірушілер тіл таңдау мәзірінен, өзіне керекті тілді таңдауына болады. Сайтта діни сенім қағидалары, қауым өміріндегі жаңалықтар мен іс-шаралар жөнінде мәліметтер берілген. Сондай-ақ, онлайн кітапханалар, басылымдар, уағыз-насихат мәтіндерін әлемнің 475 тілдерінде жазылған. Аударма ісіне аса көңіл бөліп, көптеген тілдерді қамтуы Иегова күәгерлерінің миссионерлігінің бірден-бір көрінісі деп айта аламыз.

Діни тұрғыдан, миссионерлік мақсаты - құдай патшалығы идеясын тарату, ізгі ілімді насихаттау, жер бетінде әділетті қоғам орнату сияқты діни ілімдік мәселелерді қамтиды. Дегенмен, кейіннен, жоғарыда айтқандай, ұлы географиялық ашылулар кезеңінен бастап миссионерлік - жергілікті халықты рухани экспансиялау мен отарлау саясатының құралына

айналғанын көреміз. Миссионерлер жергілікті халыққа олардың мәдениетінен «жоғары» мәдениетті ұсынды.

Шектеулер мен әлеуметтік алыстау жағдайында көптеген діни насихатшылар онлайн ғибадат, онлайн қайырымдылық және онлайн құрбандық сияқты қызметтің жаңа түрлері дамыған онлайн ортаға көшті. Интернеттегі діни насихат пандемиядан кейін жаңа серпін алды. Бүгінде адамдар рухани басшылық пен жайлылық іздеу үшін интернет пен әлеуметтік желілерге көбірек жүгінеді. Бүгінгі күні онлайн платформалар діни жетекшілерге кең аудиторияны қамтуға мүмкіндік береді және оларға онлайн ғибадат немесе рухани басшылық сияқты діни қызметтер мен материалдарды ұсынады. Мұндай мүмкіндіктер желілік ортада діни насихаттың дамуына түрткі болады. Әлеуметтік медиа күнделікті өміріміздің ажырамас бөлігіне айналды, ол бізге дүние жүзіндегі адамдармен байланысу және ақпарат алмасу мүмкіндігін ұсынады. Желідегі діни насихат қоғам мен діндарларға айтарлықтай әсер етуі мүмкін. Ол сенушілер қауымдастығын құруға, рухани идеялармен бөлісуге және бір-бірін қолдауға көмектеседі. Дегенмен, ықтимал айла-шарғыларды немесе экстремизмді болдырмау үшін желідегі ақпарат көздерінен алынған ақпаратты мұқият және сыни бағалау қажет. Сонымен қатар, діни насихат әр адамның құқықтары мен бостандықтарын құрметтеп, әртүрлі діни топтар арасындағы өзара түсіністік пен толеранттылыққа ықпал етуі тиіс.

Бақылауға арналған сұрақтар:

1. Миссионерлердің интернетті пайдалануының негізгі себептері;
2. Интернет әлеміндегі рухани қауымдастықтар туралы кесте жасаңыз;
3. Интернет-кеңістіктегі миссионерлік қызметтерге баға беріңіз.

Ұсынылған әдебиеттер тізімі:

1. Интернет кеңістіктегі дін және жастар: ұжымдық монография / Утебаева Д.С., [және т.б.]. – Алматы: Қазақ университеті, 2021. – 146 б. ISBN 978-601-04-4252-7
2. Курманалиева А.Д., Утебаева Д.С., Әскенұлы Е. Миссионерлік әдістері. – А., 2019 –178 б.
3. Маршалл Маклюэн. Галактика Гутенберга. Становление человека печатающего = The Gutenberg Galaxy: The Making of Typographic Man. – 2-е изд. – М.: Академический Проект, Гаудеамус, 2013. – 496 с.
4. Маршалл Маклюэн. Понимание медиа: внешние расширения человека = Understanding Media: The Extensions of Man. – М.: Кучково поле, 2007. – 464 с.
5. Заботин, Д.Н. Некоторые особенности религиозности в Интернете / Д. Н. Заботин. // Вестник Костромского государственного университета им. Н. А. Некрасова. - 2008. - Т. 14, N 4. - С. 254-257
6. Ястребов, А. Л. Эскиз новой религиозности: читатель и зритель в контексте смены медийных моделей (книга и ТВ как самоназначенные божества) / А. Л. Ястребов. // Религиоведение. - 2010. - N 1. - С. 172-185.
7. Утебаева Д.С., Құрманалиева А.Д., Абжалов С.У., Қаңтарбаева Ж.У. Features of missionary activities in Kazakhstan social research results // European Journal Science and Theology. - 2017. – Vol. 13, № 5. – P. 155-170.